

**Күршім ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2021 жылғы 14 қазандағы № 9/7-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 қазанда № 24959 болып тіркелді

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 07.10.2022 № 26/13-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Күршім ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 07.10.2022 № 26/13-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Күршім аудандық мәслихатының "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу туралы" 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 7/7-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4851 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

M. Калелов

Күршім  
аудандық мәслихатының  
2021 жылғы 14 қазандағы  
№ 9/7-VII шешіміне қосымша

**Күршім ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 07.10.2022 № 26/13-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Осы Күршім ауданында мұгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік - еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бүйрүғымен бекітілген "Мұгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларына (әрі қарай – шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 19.04.2023 № 2/14-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Мұгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі-оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) мұгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқу фактісін растайтын оқу орынының анықтамасы негізінде "Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 06.06.2024 № 23/9-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (толық мемлекеттің қамтамасыз етуіндегі мұгедектігі бар балалардан және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мұгедектігі бар балалардан басқа) үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге заңды өкілдеріне отбасының табысына қарамастан беріледі.

4. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу өтініш берілген айдан бастап мұгедектігі бар баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орынан анықтамада көрсетілген мерзім аяқталған айға дейін жүргізіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 19.04.2023 № 2/14-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. Шығындарды өтеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мұгедектігі бар баланың он сегіз жасқа толуы, мұгедектік мерзімінің аяқталуы, мұгедектігі бар баланың мемлекеттік мекемелерде оқып жатқан кезеңі, мұгедектігі бар баланың қайтыс болуы) төлем тиісті жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

6. Оқуға арналған шығындарды өндіріп алу үшін қажетті құжаттар шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасында белгіленген тізбеге сәйкес ұсынылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Құршім аудандық мәслихатының 19.04.2023 № 2/14-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланғанкүнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Мұгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері әр мұгедектігі бар балаға айна сегіз айлық есептік көрсеткішке тең.

8. Үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтемеу негіздері шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасының тоғызынышы жолында көзделген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК